

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТИ**
ЭКОНОМИКА, БАСҚАРУ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ФАКУЛЬТЕТИ
БИЗНЕС ЖӘНЕ БАСҚАРУ БАЯРЛАУ БАҒЫТЫ БОЙЫНША
АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТ МӘЖІЛІСІНІҢ
№1 ХАТТАМАСЫ

Түркістан қаласы

15.09.2023ж.

Қатысқандар: АҚ төрағасы, аға оқытушы М.Оспанкулова, мүшелері: ә.ғ.к. С.Қалтаева, А.Сапарова, Р.Тажибаева, Г.Байбосынова, PhD М.Момбекова, Қ.Мырзабекқызы Қ, Г.Султанхановаг вfb оқытушылар А.Асанова, Ж.Алибекова; жұмыс беруші өкілдері Түркістан облысы бойынша тексеру комиссиясы Мемлекеттік мекемесінің бас бухгалтері және аудиторы З.Бегімбетов, «Қазакстан Халық Банк» АҚ-ның Түркістан облысы филиалының №1 БКҚО-ның басшысы Е.Дүйсембаев, Түркістан Ахмет Ясауи кәсіби колледжінің директоры А.Кенжалиев; білімгерлер өкілдері 6B04143 ББ білімгері Асылбек Қымбат, 6B04144-Қаржы ББ білімгері Орынбек Зарина, 7МО4141-Қаржы ББ магистранты Досанов Бакдаulet, 7МО4120-Экономика магистранты Сарсенова Айгерім, 8D04114- Мемлекеттік жәнен жергілікті басқару ББ докторанты Қөлбаева Эйгерім.

Күн тәртібі:

1. 2023-2024 оку жылына АҚ жұмысының жоспары мен құрамын талқылап бекіту
2. Бакалавриат, магистратура, докторантуралар деңгейінде әр бір ББ бойынша ОПҚ – мен талапка сай қамтамасыз етуі туралы
3. Әр түрлі мәселелер

Тындалды:

Бірінші мәселе бойынша АҚ төрағасы М.Оспанкулова сөз алғып, үйымдастыру мәселелеріне қатысты 6B041 – Бизнес және басқару бағыты бойынша 2023-2024 оку жылына АҚ құрамына өзгерістер енгізу және АҚ жұмысының жоспарын бекітуге ұсынды. АҚ құрамына өзгерістер енгізу себептері: 2022-2023 оку жылына тағайындалған АҚ төрағасы С.Баймағанбетовтың ғылым және тәрбие жұмыстары бойынша декан орынбасары қызметіне ауысуы, даярлау бағыттары «Бизнес және басқару», «Құқық», «Туризм» деп бөлініп кетуі, ББ-лар бойынша ЖОО –ны бітірген тұлектердің болуы т. б. 2023-2024 оку жылына АҚ жұмысының жоспары «Бизнес және басқару» даярлау бағыты бойынша ББ –дың 2022-2023 оку жылында өзгеріліп, реестрге тіркеліп жаңартуына байланысты күн тәртібіндегі мәселелер колданыстағы ББ-ды жетілдіру, оларға аудит жүргізу т.б. сол сияқты пункттерді қамтылғаны туралы баяндады. Жаңадан қосылған АҚ мүшелеріне Академиялық комитет ережесі (ҮЕ-ХҚТУ-113-2022), Білім беру бағдарламаларын әзірлеу және жаңарту ережесімен (ҮЕ-ХҚТУ-030-2021) таныстырды.

Екінші мәселе бойынша АҚ мүшесі экономика, қаржы және есеп кафедрасының д.м.а. Р.Тажибаева сөз алды. Өз сезінде әр ББ бойынша дайындалған 1 қосымша негізінде жалпы бизнес және басқару бағыты бойынша 1 қосымша дайындалып бекітілуі ниверситеттің АҚ –не ұсынылғаны туралы айтты. Бакалавриат деңгейінде 1 қосымшага сәйкес бағыт бойынша ғылыми дәрежелігі 54,5%, контингент/білім алушылар санының оқытушылар санына орташа арақашыктығы 1/ 4,39 және негізгі

жұмыс орны университет болып табылатын ОПҚ үлесі 96,34% -ды, магистратура деңгейіндеғы ғылыми дәрежелігі 85% құрады деп баяндады.

Үшінші әртүрлі мәселелер бойынша АК төрағасы М.Оспанкулова сөз алғы ББ әзірлеуде бизнес саласында сала серіктестерімен, жұмыс берушілермен (стейкхолдерлермен) ынтымақтастықтың негізгі мақсаттарын айқындағы. Кафедралар білім беру, ғылым, кәсіптік білім беру бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру саласында сала серіктестерімен, жұмыс берушілермен (стейкхолдерлермен) ынтымақтастықтың перспективалық бағыттарын дамыта отырып, ұзак мерзімді байланыстар орнатумен үнемі айналысатынын айтып баяндама жсады.

Баяндамадан үзінді:

Біріншіден, бұл ынтымақтастық мұдделі тараптардың кадрлар даярлаудағы және жаңа технологияларды, ғылыми әзірлемелерді, жобаларды енгізу кезінде қызметкерлердің біліктілігін арттырудың қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған.

Екіншіден, бұл ынтымақтастық білім алушылардың практикасын, кафедра қызметкерлерінің тағылымдамаларын ұйымдастыру және өткізу және кафедра тулектерін жұмысқа орналастыру мәселелерін іске асыруды қамтамасыз етеді.

Ынтымақтастықтың негізгі мақсаттары:

- қазіргі заманғы кәсіпорындар мен ұйымдардың талаптары мен ерекшеліктеріне жауап беретін мамандарды даярлау;
- өндіріс процесіне ғылым мен техниканың инновациялық жетістіктерін енгізу;
- ғылыми зерттеулердің жаңа кешенді бағыттарын бірлесіп дамыту, жоғары білім беру жүйесінде жоғары білікті мамандарды даярлау бағыттарын жаңғырту және әртараптандыру, академиялық ұтқырлықты дамыту, өзара іс-қимылдың инновациялық нысандарын дамыту және кәсіптік білім беруді, ғылым мен бизнес-құрылымдарды интеграциялауды жүзеге асыру;
- білім беру, ғылыми және өндірістік салаларда инновациялық қызметті бірлесіп жүзеге асыру;
- білім берудегі, өндірістегі және қызмет көрсету саласындағы заманауи технологиялар мен ғылыми жетістіктерді пайдалану және дамыту бойынша өзара іс-қимылды үйлестіру және ұйымдастыру.

Шешім: «Бизнес және басқару» даярлау бағыты бойынша АК жұмысын ұйымдастыру, Ережелермен танысу, 2023-2024 оку жылына жұмыс жоспары бойынша қырқүйек айында атқарылған іс шаралар нәтижесі кабылдансын.

АК төрағасы:
Хатшысы;

*М.Оспанкулова
Г.Султанханова*

М.Оспанкулова
Г.Султанханова